

**Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Жүсіпов Нартай Қуандықұлының
«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Садықова Раиса Төлеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы:
шығармашылық ықпалдастық» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Диссертациялық жұмыс әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры», «Халық тарих толқынында» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын шешуді көздейді.</p> <p>Р.Т.Садықованың «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының әдеби шығармашылық мұрасын зерттеуге бағытталған. Зерттеу бүгінгі әдебиеттанудағы ғылыми зерттеу бағыттарымен өзектес.</p> <p>Диссертация ҚР Білім және ғылым министрлігінің диссертациялық жұмыстарды орындау, жазу талаптарына сәйкес орындалған. Диссертант бүгінгі ұлттық әдебиеттанудың ғылыми басым бағыттарын, оның ішінде алаштану, алаш әдебиеті, Алаш ұғымдарын дәйектеп, Алаш қозғалысының рухани бастауларын қалыптастырылуы және Алаш көшбасшыларының ағарту және білім беру арқылы халықты ояту жолындағы қайраткерлік еңбектерін қарастырған. Нәтижесінде зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары ҚР</p>

			БҒМ диссертацияға қойылатын талаптар деңгейіне сай деп айтуға болады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосуымен маңызды. Себебі мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасына және қазақтың қай замандағы болмысының бірегей көрінісі болған Мәңгілік Ел мұратына сәйкес әдеби үлгілер, адамзаттың дамуындағы рухани құндылықтардың бүгінгі замандағы көрінісі, «Халық тарих толқынында» мақаласымен сабақтастығы мен ықпалдастығы аса өзекті. Осы ретте, Алаш қайраткерлерінің әдебиет ғылымына қосқан үлестерін талдап, дәйектеу маңызды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан тұрады. Диссертант алға қойған мақсат-міндеттеріне жету үшін зерттеудің өзектілігін айқындап, нақты міндеттерді саралап көрсеткен. Ізденіс барысында жасаған тұжырымдарында диссертанттың дербес пікір-пайымы бар.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда қозғалған мәселелер өзекті. Диссертацияның ішкі мазмұны, құрылымы негізінен жүйелі. Диссертант бірінші тарауда семейлік әдеби ортаның әлеуметтік-саяси, әдеби-мәдени үдерістегі орны мәселелерін қарастырса, екінші тарауда Халел Ғаббасұлының әдеби шығармашылық мұрасын теориялық талдауға арнаған. Оның ішінде Халел Ғаббасұлының шығармашылық ғұмырбаяны, әдеби-көсемсөздік мұрасы, «Сарыарқа» газетіндегі публицистикалық еңбектеріне әдеби-көркемдік талдау жасаған. Әр тарау бойынша жасалған тұжырымдар мен жұмыстың қорытынды бөлімі арасындағы сәйкестік сақталған. Ендеше, диссертация құрылымы, тарау мен тараушалар арасындағы логикалық

			қисындылық бар.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.		Диссертация тақырыбы айқын, зерттеу нысаны, зерттеу пәні, зерттеудің мақсаты айқын, міндеттері нақты. Диссертациялық жұмыс мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация тақырыбына өзектес ғылыми проблемаларды әр кезеңде қарастырған отандық және шетелдік зерттеушілердің іргелі еңбектері басшылыққа алынған. Сол арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті ғылымының даму тенденциясын кешенді-салыстырмалы түрде қарастыра алған.
	4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертациятақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.		Диссертанттың зерттеу тақырыбын айқындап, негізгі нысанын, әдіснамалық негізін, зерттеу ұстанымдарын саралай алуы жұмыстың мақсаты мен міндеттерінен байқалады. Зерттеу бағыты тұрғысында күрделі проблемаларды – Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси және публицистикалық қызметін, Алаш қозғалысының өкілдері мен көшбасшыларының қазақ қоғамындағы ұлттық бірлікті қалыптастыру және нығайту жөніндегі публицистикасындағы өзекті идеяларды, олардың қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық принциптерімен үндестігін зерттеуімен өзекті. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеті тақырыбына сәйкеседі.
	4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ		Диссертацияның <i>бірінші бөлімінде</i> Семей жеріндегі Алаш идеясының қалыптасып, дамуы жүйелі қарастырылған. Оның ішінде ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті мен тарихындағы Семей жеріндегі Алаш қозғалысы, әдеби ортаны қалыптастырудағы Абай тағылымы, семейлік әдеби ортада туған баспасөздің ағартушылық қызметі мен зиялы ортаның азаттық идеялы көзқарастарының қалыптасып, дамуын қарастырған ғалымдардың маңызды зерттеулеріне шолу жасап,

негізгі тұжырымдарды жүйелеген. Соның нәтижесінде қазіргі ғылым үшін көсемсөз, әдебиет және өнер арасындағы берік байланысты, көсемсөз бен көркем әдебиетті интеграциялау, сондай-ақ оларды дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі талдау ғылыми қызығушылық тудыратынын айқындаған. Диссертациялық жұмыстың *екінші бөлімінде* Халел Ғаббасұлының шығармашылық мұрасы талданады. Бұл ретте диссертант бірінші бөлімде қарастырылған Семей жеріндегі Алаштың идеялық көзқарасының қалыптасуын Халел Ғаббасұлының әдеби-қайраткерлік еңбегін сараптау арқылы дәйектейді. Яғни, Халел Ғаббасұлының қайраткерлік, әдеби-көсемсөздік мұрасы талданады. Бұл бөлімнің негіздемесінің өзі осы мәтіндік талдаулар жүйесінде көрінеді. «Сарыарқа» газетіндегі Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік еңбектері, атап айтқанда, «Алаш автономиясы», «Мемлекет күйі» және «Алаштың балалары» мақалаларына әдеби-идеялық түрде талдау жасап, Халел Ғаббасұлының редакторлығымен шыққан «Сарыарқа» газетіндегі еңбектерде оның қолтаңбасы, пікірі, пайымы бар деген тұжырым жасайды. Халел Ғаббасұлы – тұңғыш тәуелсіз мемлекеттің органы болған «Сарыарқа» газетінің құрылтайшысы, ұйымдастырушысы, редакторы және бас мақалаларын жазған авторларының бірі болған, ұлттық публицистиканың көкжиегін кеңейткен шығармашыл тұлға деген қорытындыға келеді. Бұл ретте диссертант қолданған салыстырмалы талдау, жалпылама талдау, тарихи-типологиялық, бейнелі-ассоциативті, құрылымдық, мәдени-тарихи, биографиялық және психоаналитикалық әдістерінің ұтымдылығы көрінеді. Диссертант Халел Ғаббасұлының ұлт азаттық рухтағы қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашы

			«Серке» газетінен басталған ұлттық рухты «Сарыарқа» басылымы одан әрі өрістеткенін де нақты дәлелдей алды. Диссертанттың зерттеудегі қол жеткізген нәтижелері ізденіс жұмысы құрылымының нақты, логикалық тұрғыдан айқын, әдіснамалық тұрғыда біртұтас екендігін көрсетеді. Диссертацияның әр бөлімі мен тараушалары мазмұнының арасында логикалық байланыс пен ғылыми жүйе сабақтастығы бар. Зерттеудің екі бөлімінің мазмұны мен тұжырымдары өзара толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыста қаралып отырған мәселе мақсат-міндетіне сай терең зерттелген және зерттеу нысанына байланысты әр тарапты пікір білдіретін ғылыми көзқарастар, ғылыми пайымдаулар жасалған. Ізденуші отандық және шетелдік ғылыми ізденіс нәтижелеріне сүйене отырып, сыни талдаулар жүргізген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Диссертанттың қол жеткізген нәтижелері өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталған. Кеңестік заманда Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлындай қаламы мен қайратын ел тәуелсіздігі үшін қатар жұмсап, ғұмырын сол жолда сарп еткен қаламгерді «халық жауы» деп қараланып келген, өнегесі мен азаматтық ұстанымын мансұқ етілген Алаш қайраткерінің өмірі мен әдеби көсемсөздік мұрасы бір ізге түсіріліп, бүгінгі жаңаша пайымдаулар тұрғысынан жан-жақты зерттелді деуге болады. Осы ретте, зерттеуші өзінің нысан еткен тақырыбын, оның нәтижелерін

			неғұрлым толық ашуға тырысқан.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Себебі:</p> <p>1. XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси, әдеби және рухани үрдістегі семейлік әдеби ортаның тарихи-әдеби негіздері қарастырылған;</p> <p>2. Алаш арыстарының семейлік әдеби ортада бірігуінің қоғамдық, саяси, рухани, әдеби, мәдени себептері талданған;</p> <p>3. Халел Ғаббасұлының ғұмырнамасы, әсіресе Семей кезеңі барынша кең де тыңғылықты зерттеу нысанына алынған;</p> <p>4. Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздері, сонымен бірге XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзінің жанрлары ғылыми тұрғыда сипатталып, олардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктері ашылып талданған;</p> <p>5. Халел Ғаббасұлының өмірбаянынан қазіргі отандық филологиялық және тарих ғылымдарында әлі тиісті талдау алмаған белгілі фактілері ғылыми айналымға енгізілген («Алаш бекзаты» монография, 2017 ж.).</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген. Шешімдерінің негізделуі 75% үлесте жаңа болып табылады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Садықова Раисаның диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдар нақты мәтіндік талдау, әдебиеттануда орныққан теориялық қисындар негізінде қарастырылып, зерттеуге қатысты ғалымдар тарапынан әр кезеңде айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға ұсынылған бес тұжырым да теориялық және логикалық жүйемен де сұрыпталып, негізделген. Семейлік әдеби орта туғызған Алаш баспасөзі – Алаштың бостандық күресінің мұраттарын насихаттап, ағартушылық, саяси-идеялық ұстанымдарын халыққа жеткізген ұлттық тәуелсіздікті аңсаған арманының жаршысы. Халел Ғаббасұлы ұлт баспасөзінің дарынды басшысы, ұйымдастырушысы және қазақ көсемсөзін қоғамдық-саяси, әдеби-идеологиялық күрестің тиімді құралына айналдыра білген қаламгер. Ендеше, диссертацияның зерттеу ауқымы кең әрі жаңаша кешенді сипатта.</p> <p>Әр тұжырым нақты дәлелденген.</p> <p>Тривиалды емес.</p> <p>Жаңашылдық деңгейі жоғары.</p> <p>Қолданылу деңгейі кең, өйткені қарастырлып отырған мәселе бойынша зерттеулер жүргізілген.</p> <p>Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары қазақ және ағылшын тілдерінде ғылыми көпшілікке конференция материалдары, ғылыми мақалалар үлгілерінде ұсынылған. Олардың қатарында «Халел Ғаббасов: Өмір мен өріс мектептері» (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. -№</p>

			1(126)/2019.), «Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлы және оның ұрпақтары» (Ш. Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысы. Филология сериясы. -№4, 2019), «Халел Ғаббасұлының «Сарыарқа» газетіндегі әдеби-көсемсөздік еңбектері» (Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - №12/2 2019), «Literary myth and journalistic logos: from contrast to integration» (Journal of Language and Linguistic Studies. -№17 (3) 2021).
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1. Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған салыстырмалы талдау, жалпылама талдау, тарихи-типологиялық, бейнелі-ассоциативті, құрылымдық, мәдени-тарихи, биографиялық және психоаналитикалық әдістері дәйекті, негізді таңдалған.
		8.2. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеу жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылған және интерпретациялау әдісі қолданылған.
		8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша) даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент	Теориялық негізде талданған А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Б.Кенжебаев, Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Р.Нұрғали, А.Еспенбетов, Б.Ердембеков еңбектері және белгілі алаштанушы ғалымдар Т.Жұртбай, Д.Қамзабекұлы, Д.Аманжолованың еңбектері қарастырылды. Сондай-ақ, ұлттық баспасөздің дамуы бойынша жарыққа шыққан Х.Беккожин, Т.Амандосов, М.Фетисов, Т.Қожеев,

	<p>негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Ү.Сұбханбердина, Н.Омашев, З.Бейсенғали, Ө. Әбдіманов, Б.Жақып еңбектері назарға алынды. ҚР ҰҒА - қолжазбалар қоры мен сирек кездесетін кітаптар бөлімі, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Отырар кітапханасының» қолжазба қоры, Қазақстан Мемлекеттік Орталық мұрағат қоры, ҚР Президентінің мұрағат қоры, ШҚО цифрландыру және архивтер басқармасының «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының» қоры, Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейінің қоры, Абайдың мемлекеттік мәдени-тарихи және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының ел тарихы, әдеби мұралар, Абай және Абай ізбасарлары, Алаш арыстары мен Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі, әдеби-көсемсөздік мұраларына қатысты деректері зерттеу нысанының теориялық және мазмұндық негізін қалыптастыруға негіз болған.</p>
	<p>8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған /расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста отандық және шетел ғалымдарының ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.</p>
	<p>8 8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеуде 144 әдебиетке шолу жасалған.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысында Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі мен тұлғалық келбеті сол дәуірдегі құжаттарды басшылыққа ала отырып, оның немере ағайынынан тарайтын ұрпағының естелігі</p>

			бойынша саралануы диссертанттың қолданбалы мақсат-міндеттерін де тереңдеп түсінуге жол ашты. Зерттеу нәтижелерін XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихының пәндік негіздемесін белгілеуге, Халел Ғаббасұлының шығармашылығын оқытуда қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін, жинақталған материалдар мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, сын тарихы, қазақ публицистикасының тарихы, отандық тарих сияқты пәндерде көмекші құрал ретінде элективті пәндерді жүргізуге, оқу-әдістемелік құралдарын жазу барысында пайдалануға болады. Осыбағыттағы ғылыми зерттеулерге дереккөз де бола алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u>	Зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) <u>орташадан төмен</u> ; 4) <u>төмен</u> .	Диссертациялық жұмыстың сапасы 6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді. Академиялық жазу сапасы жоғары. Белгілер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Зерттеу жұмысы дербес орындалған, толыққанды еңбек.

Садықова Раиса Толеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі жоғарыда айтылған ғылыми пікірді негізге ала отырып,

«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысының мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы айқын, зерттеу нәтижелері ғылыми талаптардың мүддесінен шығады.

Садықова Раиса Төлеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбындағы диссертациясы ҚР БҒМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Садықова Раиса Төлеуқызын «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:
ф.ғ.д., профессор

« 10 » желтоқсан 2021 ж.

